

ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІН ДАМУ-МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

В статье сделан обзор свободы личности в казахстанском законодательстве.

Ключевые слова: мемлекеттік саясат, әділет жүйесі, бостандық, заңнама.

This article provides an overview of individual freedom in Kazakhstan legislation.

Keynotes: state policy, system of justice, freedom, legislation.

Егемен ел болып, ата-бабамыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгеніне 20 жыл толған Қазақстан мемлекеті осы жылдар ішінде құқықтық заңнамаларды демократиялық талаптар мен халықаралық қағидаттарға сәйкестендіру және одан әрі жетілдіру сияқты күрделі үдерістерді үздіксіз жүргізіп келеді.

Еліміздің әділет жүйесін дамыту мемлекеттік деңгейдегі негізгі, басым бағыттың бірі болып табылады. Халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болып табылатын тәуелсіз Қазақстан Республикасы елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық гүлденуіне бағытталған саясат жүргізуде. Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға (ОБСЕ) төрағалық етуі еліміздің халықаралық қауымдастықтың жауапты, іскер және тиімді мүшесі ретіндегі қабілеттілігін лайықты көрсетіп берді.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты мемлекет пен қоғам мүшелерінің қарым-қатынасын неғұрлым үйлестіру, қоғамдық институттардың белсенділігін арттыру бағытын ұстана отырып, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің демократиялық қағидаларын ұстанып келеді. Бұл құқықтар мен бостандықтар ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген және мемлекет оларға кепілдік береді (12-бап). Ал Конституцияның 17-бабында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды деп танылған [1].

Жалпы құқықтық жүйеде тұлға бостандығы маңызды орын алады. Кез-келген адам дүниеге келген мезеттен бастап-ақ еркін де ерікті болып табылады. Ал әрбір адам – қоғам мүшесі, сол қоғам оның дұрыс, қалыпты дамуы үшін жағдай жасауға міндетті. Тұлғаның өсіп жетілуі және әлеуметтенуі нәтижесінде ол өзі өмір сүретін мемлекет пен қоғамдағы негізгі құндылықтарды, нормаларды, ережелер мен мұраттарды меңгере келе жеке адам болып қалыптасады және оның мінез-құлқы реттеледі. Мемлекет белгілі бір ережелер мен нұсқаулардан тұратын реттегіш тетіктер жүйесін, яғни заңнамалық актілерді қолдана отырып, адамдар өмірін басқарады. Әрбір мемлекеттің гүлденуі мен дамуы ең алдымен адам құқықтары мен

бостандықтарын қамтамасыз ету ұстанымдары арқылы жүзеге асатыны ақиқат.

Тұлға бостандықтарының отандық заңнамаларда бекітілуіне алғышарт ретінде ең алдымен Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948 жылғы 10-желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 3-сессиясында қабылданған); Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті (Нью-Йорк, 16-желтоқсан 1966 ж.) негіз болды. Бұл жалпыға бірдей құқықтық актілерде барлық адамдар әлеуметтік мәртебесіне қарамастан ерікті және тең, ешкімнің де ар-намысы тапталмауы тиіс екендігі бекітілген. Аталған Халықаралық Пактінің 18-бабында: **«Әрбір адамның пікір, ождан және дін бостандығына құқығы бар»** деп атап көрсетілген [2]. Осылайша «бүкіл адамзат отбасының барлық мүшесіне тән адамның қадір-қасиетін, тең және ажырамас құқықтарын мойындау еркіндіктің, әділеттіліктің және жалпыға ортақ бейбітшіліктің негізі болып табылады» [3].

Алғаш рет 1789 ж. француздың «Адам және азамат құқықтарының декларациясында» көрініс тапқан тұлға бостандығы ұғымының тарихы тым тереңде жатыр. Бұл ұғым адамзат дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап қоғамның маңызды мәселелерінің қатарынан орын алған. Сонау ежелгі Рим, Греция дәуіріндегі демократиялық мемлекет құрудың алғашқы тәжірибелерінде тұлға еркіндігі категориясына қатысты ең алдымен құлдықтан азат адам еркін саналды. Одан кейінгі замандарда бұл тақырып барлық дерлік ойшылдарды толғандырып келді. Сол кездің өзінде: «Қоғамдағы тұлға бостандығы дегеніміз оның сол мемлекетте келісім бойынша бекітілген заңнамалардан өзге ешбір заңға бағынбайтынын білдіреді және ол кімде-кімнің еркіне бағынышты емес... Қолданыстағы жүйенің басқаруы жағдайында тұлға бостандығы осы қоғамдағы баршаға ортақ және онда құрылған заңнамалық билік бекіткен тұрақты заңға сәйкес өмір сүруіне келіп тіреледі» деп тұжырымдалды [4, 274].

Жалпы тұлға бостандығы дегеніміз бұл индивидтің өз мінез-құлық әрекеттерін саналы-ерікті түрде таңдауға деген мүмкіндіктер мен қабілетке ие болуы. Демек, адам сыртқы әсерлер мен құбылыстардан белгілі бір дәрежеде тәуелсіз деген сөз. Алайда бұл тұлғаның не істеймін десе де еркі бар дегенді білдірмейтіні түсінікті, аталған бостандықтар мемлекетте қабылданған заңдарда көрсетілген шектен аспауы тиіс.

Тұлға бостандықтары сол елдегі биліктің сипатын, қабылданған заңдардың мән-мағынасын және оның қаншалықты дәрежеде қолданылатынын да көрсетіп бере алады. Тұлға бостандығы қазіргі таңда сөз бостандығы, ақпарат алу, жиындарға қатысу, діни сенім, пікір, тұрақты мекенжайды таңдау және т.б. еркіндіктерді қамтиды. Мұның барлығы әр адамның жеке ісі болып табылады.

Адам құқықтары мен бостандықтары қоғамның дамуына, мемлекеттік институттардың қызметіне және ондағы өмір сүріп жатқан адамдардың тыныс-тіршілігіне тікелей ықпал жасайды. Қазіргі таңда бүкіл

дүние жүзінде болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістер мен жаңалықтар құқық саласынан да көрініс табууда. Осы тұрғыда дүние жүзінде гуманизациялану үдерісінің қарқын алуы өмірдің барлық саласына оң ықпал етпек. Гуманизмнің түп-төркіні жеке адамның қадір-қасиетін мойындау, оны құрметтеуден басталады, демек, тұлға бостандығын мойындау және оны терең ұғыну – жауапкершілігі зор үлкен міндет. Бұған дәлел, бұқаралық мәдениет дендеп, адамзат тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениет үлгілері ұмытылу қаупіне ұшырап отырған қазіргі тұста гуманизм құндылықтарын жаңғырту өзектіленіп отыр. Жаппай сипат алып отырған ұлттық ділімізге, дүниетанымға жат батыстың жасанды мәдениет үлгілерінің кең таралуы әсіресе жастардың бойында бізге жат мінез-құлық, әлеуметтік теріс қылықтарды қалыптастыруы қауіпті құбылыс екені даусыз. Тіпті кеше ғана бүкіл әлем елдері бастан кешкен экономикалық дағдарыстың астарында адамшылық пен мораль жүйесінің тығырыққа тірелуі жатқанына көпшіліктің көзі жетті. Өйткені қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ахуал мен жеке адамдардың мінез-құлық қағидаларын ұстану дәрежесі бір-бірімен тығыз байланысты. Ал кез-келген құқықтық мемлекет тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, өмірін, денсаулығын, ар-намысын, абыройын және бүтіндей қоғам мен конституциялық құрылыстың басқа да игіліктерін қорғауды қамтамасыз ету міндетін көздейді, ол үшін азаматтардың заңды құрметтеуі аса маңызды.

Өткенге көз жүгіртсек, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі «Адам» түсінігі аса құнды әрі терең мағыналы. Халқымыз ежелден-ақ ар, намыс, имандылық, адамгершілік, әділдік, рухани биіктік, еркіндік қағидаларын ұстанып, ерекше дүниетанымын қалыптастырды. «Арым – жанымның садағасы» деп санаған қазақ баласы ар-ождан бостандығын алдыңғы орынға қойған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», ханнан да датсұраған қазақ елі адамның жеке бас қасиеттерін жоғары бағалағанын тарихтан білеміз.

Жалпы еліміздегі құқықтық жүйе мемлекеттің құқық саласындағы іс-әрекеті мен шараларының негізін қамтамасыз ететін қызмет түрлерінің жиынтығы. Сондықтан да құқықтық саясаттың күрделі мәселелерін шешу барысында еліміздің стратегиялық мүдделерін ескеру құқықтық саясаттың тиімділігін көтереді. Осы тұрғыда «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында» айқындалған еліміздің құқықтық жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі елімізде құқықтық мемлекет құру мақсатында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен және де соттық-құқықтық жүйелерді кезеңдете дамытумен байланысты мамандандырылған институттарды одан әрі жетілдіру қажеттілігін жария етті[5].

Соңғы бірнеше жылда Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық институттарды үдемелі дамытуға ықпал жасайтын бірқатар маңызды заңнамалық актілер қабылданды. Мәселен, 2007 жылдың 21 мамырында қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциясына

өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы сот-құқықтық реформаның жаңа кезеңіне байланысты ерекше серпін берді. Бұл әсіресе конституциялық деңгейде өлім жазасын қолдану аясын қысқартуға байланысты, яғни бұл жаза тек террористік және әскери уақыттағы ауыр қылмыстармен шектелетін болды, мұның өзі іс жүзінде өлім жазасының жойылғанын білдіреді.

Мемлекет пен қоғамның даму қажеттілігінен туындап отырған бұл мәселелердің оң шешімін табуы отандық әділет жүйесін заман талабына сай дамытуға және ХХІ ғасырда алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылу үшін де қажет. Нақты іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған құқықтық жүйе қалыптастырған мемлекетіміз сонымен бірге қоғамның тұрақтылығы және Қазақстанның әлемдік аренадағы мәртебесін көтеру шараларын қамтамасыз етуді басты назарда ұстайды. Сонда ғана Қазақстанның әділет жүйесі тәуелсіз жас мемлекетімізбен бірге аяғынан нық тұрып, оның орнықты дамуына өз үлесін қоса алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Конституция Республики Казахстан. – <http://www.miniust.kz/node/>
2. Всеобщая декларация прав человека. – [http:// www.un.org/ru/](http://www.un.org/ru/)
3. Международного пакта о гражданских и политических правах. - [http:// www.un.org/ru/](http://www.un.org/ru/)
4. Локк Дж. Сочинения в 3-т. Т. 3. – Москва: «Мысль», 1988. –668 с.
5. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы». – <http://www.miniust.kz/node/>